

2. Подготовительная медицинская группа - Обучающиеся с недостаточным физическим развитием и слабо физически подготовленные, при которых разрешается физическая нагрузка. Занятия по адаптированным учебным программам физического воспитания при условии более постепенного освоения комплексов двигательных навыков и умений, особенно связанных с предъявлением к организму повышенных требований. Дополнительные занятия для повышения уровня ОФП.

3. Специальная медицинская группа. Индивидуальный подход.

Подгруппа «А» – дети и обучающиеся, имеющие ограничения в состоянии здоровья постоянного или временного характера после травм и перенесенных заболеваний, требующие ограничения физических нагрузок.

Специальная «Б» – дети и обучающиеся, имеющие значительные отклонения в состоянии здоровья постоянного или временного характера, серьезные хронические заболевания, требующие существенного ограничения физических нагрузок, допущенные к теоретическим учебным занятиям. Занятия в кабинете ЛФК местной поликлиники, лечебно-физкультурном диспансере, а также индивидуально по согласованию с лечащим врачом.

Проведенный анализ научно-методической литературы позволяет выделить следующие потребности детей с ОВЗ в инклюзивной образовательной среде по физической культуре:

1. Формирование групп обучающихся по состоянию здоровья.

2. Заключение о состоянии здоровья и рекомендации о допустимой физической нагрузке.

3. Выбор образовательного пути ребенка, имеющего отклонения в состоянии здоровья по предмету «Физическая культура».

4. Определение критерия оценивания образовательной деятельности.

5. Собеседования, консультации с родителями ребенка.

6. Планирование программы коррекции ориентированно на «мои личные достижения».

7. Создание специальных образовательных условий.

8. Создание ситуации успеха.

9. Контроль родителей, учителя, администрации за образовательной деятельностью ребенка.

Литературы:

1. Закон РК «Об образовании» от 27 июля 2007 г., № 319-III

2. Закон РК «О физической культуре и спорте» от 2014 года № 228-V ЗРК.

3. Есеев С.П., Шапкова Л.В. Адаптивная физическая культура. М.: Издательство «Советский спорт», 2000, -60с.

4. Сапрыкина Л.А. Проблема развития физического потенциала детей с ограниченными возможностями здоровья в инклюзивной школе. //Электронный научный журнал. Профессиональная ориентация. -2017., №1. – С-250-254.

5. Саламанская декларация «О принципах, политике и практической деятельности в сфере образования лиц с особыми потребностями». Саламанка, Испания, 7-10 июня 1994 г.

Қылыбаев А.А.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент қ.

Ториев А.Ш.

С.Нұрмағамбетов атындағы №72 ЖОББМ

Бейсенбаева Қ.Н.

№132 ЖОББМ Шымкент қ.

**СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

Республикамыз егемендік алған және қоғамымыз жаңарған қазіргі жағдайда білім берудің шын мәніндегі демократиялық жүйелерін құру принциптері өз мәніне сай қалпына келтірілуде. Олар шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға, қайталанбас даралықты дамытуға бағытталған. Әрбір бала өмірдің, оқу-тәрбие процесінің еркін субъектісі. Шын мәніндегі білім беру адамды тәрбиелеу ісін зайырлы етуді мақсат тұтады, осындай басым бағытта педагогикалық көзқарасты да жаңарту байқалады.

Қазіргі міндеттерді шешу мақсатында педагогикалық теориялар мен тәжірибелерді дамыту қоғамдық тәрбиенің мазмұнын, ұйымдастыру мен әдіс-тәсілін белгілеуде жаңа көзқарастарды қажет етеді. Бұл орайда мектептерде болсын, сыныптан тыс бірлестіктерде болсын білім беру-тәрбие процесіне тұтастық беру теориясы үлкен маңызға ие. Тұтастық көзқарасы адамның жекелеген қасиеттерін тәрбиелеуді емес, жалпы алғанда адамдық дара тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Ол ғылыми білімдерді өзара ұйымдастыруды талап етеді. Мұның өзі педагогикалық құбылыстардың мәніне сүйенуге, қоғамдық тәрбиедегі тенденциялар мен заңдылықтарды ажырата білуге көмектеседі. Жеке адамды қалыптастырудың тұтас білім беру-тәрбие процесі философиядағы, социологиядағы, психологиядағы, физиологиядағы және басқа да ғылымдардағы зерттеулердің нәтижелеріне, олардың педагогикалық берілу сипаттарына арқа сүйейді.

Ғылыми әдебиетте жөне іс жүзінде тәрбие беруді жеке адамға мақсаткерлікпен ықпалал ету деп айқындау берік орын алды. Мұндай анықтама құбылыстың бір қырын ғана көрсетеді. Мұндайда адамның қоғамдағы қалыптасуының және дамуының өзекті механизмдері көлеңкеде қалып қояды. Кейінгілерді қарастыру, бірінші кезекте әлеуметтендіру және қалыптастыру деген түсініктердің көмегімен құрастыру өзгелердің еншісіне қалып қояды. Құбылыстың ауқымын қамтуға оның терендігі есебінен ғана қол жеткізіледі. Бұған көптеген жағдайлар көз жеткізе алады. Тәрбие саласына тән бірқатар жәйттер былайша қарағанда "жұмыс белгілеріне" жатпайтындығына қарамастан, бірақ одан алыс та кете алмай, тәрбиемен бір қатарда жүргендей болып, түптөп келгенде оныменен сырттай байланыста қатар өмір сүреді. Бұл - сол адамға еріктен тыс ықпал ету, оның жеке белсенділігіне, өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін-өзі дамытуына, түрлі объективтік-материалдық және рухани факторлардың әр түрлі ықпалы болып табылады. Қорытынды біреу ғана: жоғарыда аталғандай жәйттерден бөліп алынған тәрбие ісі өз анықтамасының байлығын жоғалтады. Сейтіп, қоғамдағы адам дамуы мен қалыптасу процесінде объективті түрде болып жататын қондырғы түрінде ғана болып қалады.

Бір жағынан тәрбиенің, екінші жағынан әлеуметтеудің арасындағы бөліну - адамның қоғамда қалыптасу мен даму процестерін қарастыру бұрышы, олардың теориялық ұғынуы мен талдап қорытындылау аспектілері болып табылады. Осы, не басқа абстракцияны жабдықтайтын негіздемесін айқындау, оның методологиялық қызметін, эвристикалық мүмкіндіктерін, гносеологиялық құндылығын анық көрсету өте маңызды болады. Қалыптасу категориясы бұл процестерді "қоғам-адам" қатынас контекстінде өзінің жол бастаушысы, орындаушысының қоғамдық қатынасының жүйесін жаңадан жасаудың "әлеуметтік детерминация" механизмі ретінде ашады. Осындай ретпен бір жағынан, жеке адамның (тұлғаның) типологиялық қасиетін, әлеуметтік рөлдер кешенін, екінші жағынан, оларды детерминациялайтын, материалдық және рухани алғышарттарын, шарттарын, "жағдайын" түсінуге болады. Әлеуметтеудің түсінігі осы қарым-қатынаста тек кері тәртіпте ("адам-қоғам"), "жағдайды" (тәжірибе, білім, құндылық, дәстүр және т.с.с.) жеке адамның игеруін басқа тұрғыдан қарау, оның байланыс және әлеуметтік ортадан тәуелділік жүйесіне қосылуы, яғни қалыптасушы тұлғаның өз белсенділігін басқа тұрғыдан қарау бойынша белгіленеді. Барлық сабақтар мазмұнына байланысты құрама және пәндік сабақтар деп екі үлкен топқа бөлінеді [1].

Пәндік сабақтардың негізгі бөліміне оқу бағдарламасында берілген бір спорт түрінің негізгі жаттығулары кіргізіледі. Мысалы, шаңғы спорты, гимнастика, спорт ойыны, волейбол және т.с.с.

Құрама сабақтарда, бір сабақтың негізгі бөліміне әр түрлі спорт түрлерінің негізгі жаттығулары кіргізіледі. Бұл сабақтардың бір ерекшеліктері бір спорт түрінің жаттығулары

негізгі болып, басқа спорт түрлерінің жаттығулары қимыл ептілігі мен дағдысын қалыптастыруға және дене қасиеттерін дамытуға көмектесетін көмекші болып қатыстырылады. Мысалы, спорт ойындарының жаттығулары негізгі, гимнастика, жеңіл атлетика жаттығулары көмекші және т.б.

Құрама сабақтардың ұйымдастырылуы қиын, бірақ олар балалардың ағзаларына тез, жақсы әсер етеді және бағдарламаның негізгі бөліктері жыл бойы мұғалімнің көз алдында болып, оларды дағды деңгейіне дейін жетілдіруге мүмкіндік туғызады.

Пәндік және құрама сабақтар орындайтын міндеттеріне байланысты оқу, жаттықтыру, бақылау, құрастырылған сабақтар деп бөлінеді.

Оқу сабақтарында жана оқу материалын үйрену және теориялық мағлұматты хабарлауға көп көңіл бөлінеді.

Бұл бағытта барлық сабақтар бес топқа бөлінеді. Жалпы дене дайындығы сабақтары. Бұл сабақтардың мақсаты – жалпы дене қуатын дамыту, негізгі қимыл-әрекетке үйрету, білім беру, тәрбиелеу (әсіресе, бала жасынан). Осылардың бәрінің негізгі деңгейін құрастыру. Сабақтар жүргізілгенде әр түрлі жалпы дене тәрбиесі амалдары мен әдістері қолданылады.

Спорттық жаттықтыру сабақтары. Бұл сабақтар балалар мен жасөспірімдер спорт мектептеріндегі, мектептегі спорттық секциялардағы спортшыларды спорт түрлерінен жоғары жетістікке жеткізудің арнайы түрі болып табылады.

Қолданбалы дене тәрбиесі сабақтары. Мектептің жоғары сынып оқушыларының, кәсіптік-техникалық лицей оқушыларының, колледждердің, жоғары оқу орнындағы студенттердің болашақ кәсіптік қызметі дайындығына негізделген. Әскери-қолданбалы дене дайындығы әр түрлі әскер бөлімдеріндегі іс-әрекет сипатына байланысты дене жаттығуларын, амалдары мен әдістерін қолдануға бағытталған (әскери-теңіз, әуе флоты, жаяу әскер, десанттар т.с.с. жауынгерлерге).

Сауықтыру дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтарда ауырған немесе жарақат алған адам ағзасы мүшелерінің қызметтерін дене тәрбиесі жаттығулары көмегімен қалпына келтіреді. Мысалы, арнайы медициналық топтардағы сабақтар. Сауықтыру дене тәрбиесі сабақтары дәрігердің бақылауымен тығыз байланыста орындалуы қажет.

Әдістемелік сабақтар. Бұл сабақтар дене тәрбиесі мен спорт оқу орындарында, арнайы орта, жоғары оқу орындарының дене тәрбиесі кафедраларында, әр түрлі әдістемелік кенестерде, біліктілікті көтеру институттарында жүргізіледі. Ол әр түрлі сабақтарды оқыту, үйрету, жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатында өткізіледі.

Барлық сабақтар мазмұнына байланысты құрама және пәндік сабақтар деп екі үлкен топқа бөлінеді [2].

Пәндік сабақтардың негізгі бөліміне оқу бағдарламасында берілген бір спорт түрінің негізгі жаттығулары кіргізіледі. Мысалы, шаңғы спорты, гимнастика, спорт ойыны, волейбол және т.с.с.

Пәндік және құрама сабақтар орындайтын міндеттеріне байланысты оқу, жаттықтыру, бақылау, құрастырылған сабақтар деп бөлінеді.

Оқу сабақтарында жана оқу материалын үйрену және теориялық мағлұматты хабарлауға көп көңіл бөлінеді.

Жаттықтыру сабақтары үйренген жаттығу техникасын жетілдіруге және дене қасиеттерін тәрбиелеуге арналған.

Бақылау сабақтары дене қасиеттерін және оқу материалдарын меңгеруді бақылау міндеттерін орындайды. Олар негізінен сынақтар, нормативтер алу түрінде өткізіледі.

Құрастырылған сабақтар. Дене тәрбиесі тәжірибесінде оқу, жаттықтыру, бақылау сабақтары бірыңғай түрде өте сирек өткізіледі. Көбінесе олар құрастырылып, сабақта бірнеше міндеттер қойылып жүргізіледі. Мысалы, бір құрастырылған дене тәрбиесі сабағының міндеттері:

- бір негізгі жаттығудың техникасын үйрету;
- алдыңғы сабақтарда үйренген жаттығу техникасын жетілдіру;
- дене қасиетінің жылдамдық деңгейін анықтайтын сынақ жаттығуын қабылдау.

Ерте кездің өзінде адамдар балаларын жас кездерінен арнайы дене жаттығулары, ойын түрлері арқылы қоғамдық өмір, тұрмыс-тіршілік және әскери әрекеттерге дайындаған. Адам күнделікті еңбек, соғыс құралдарын қолдану кезінде өндірістік, еңбек, жеке әрекеттерге әзір болу үшін, алдын ала соған ұқсас қимыл-қозғалыстарды орындау арқылы дайындалуға болатынын сезген, түсінген. Қазіргі кезде де дене жаттығулары тікелей өндіріске әсер етпесе де, жұмысшылардың қимыл ептілігін, шеберлігін, дағдысын жетілдіру арқылы еңбек әрекеттеріне жағымды әсер етеді.

Қолданбалы дене тәрбиесі (ҚДТ) дегеніміз – дене тәрбиесінің түрлерін, амалдарын, әдістерін бағытты пайдаланған арнайы педагогикалық үрдіс. Қолданбалы дене тәрбиесі әскери және кәсіптік деп екіге бөлінеді.

Дене тәрбиесінің түрлерін, амалдарын, әдістерін бағытты пайдаланған кезде, олар адамды керекті еңбек қызметіне дайындап, ағзасының функционалдық және әрекеттік мүмкіншіліктерін жетілдіреді. Осындай дене дайындығы кәсіптік үйрену үрдісін тиімді ететін, маманның жоғары еңбек қабілеттілігін, дене жаттығулары адам ағзасына жағымды әсер етуін қамтамасыз етеді. Дене жаттығуларымен жүйелі, тұрақты жаттыққан адам аз ауырады, өнеркәсіп жағдайына тез төселеді, алдыға қойған мақсаттарына жетуге тұрақты, қажырлы түрде ұмтылады.

Біз дене тәрбиесі мамандары спортшыларды дайындау жүйесі кезінде, жалпы дене дайындығы негізінде спорт түрлеріне бағытталған арнайы дайындық, ол дайындықтар негізінде сол спорт түрлерінің техникасы жетілдірілетінін білеміз. Мысалы, гимнастшыларға қол, иық бұлшық еттері, тепе-теңдікті ұстай білу, кеңістікте өз денесін дұрыс басқара білу және ептілік, икемділік, күш секілді дене қасиеттері керек болады. Ал жүгіріп келіп жоғарыға секіретін жеңіл атлетика спортшысына бұл қасиеттер негізгі емес, оларға күш жылдамдығы, қимыл үйлесімдігі, аяқтың секіргіш күші қажет. Осындай жағдайды кәсіби-қолданбалы дайындық кезінде қолданамыз. Мысалы, құрылыста жоғарыда құрастыру жұмыстарын істейтін жұмысшыларға қол күші, тепе-теңдікті ұстай білу, батылдық қасиеттерін дамыту қажет. Кен қазушыға (шахтерге) иық және арқа бұлшық еттерінің төзімділігі, ептілік, икемділік, әр түрлі дене қалпында (төрт аяқтап, екі бүктеліп, етпеттеп т.с.с.) қозғала білу қасиеттерін дамыту қажет. Меңгергішті (пультті) басқару маманының жұмысы алдыңғы екі мамандық иелерінен тіпті басқаша болып келеді. Бұл кәсіптің мамандары өздерінің қозғалыстарын дәл, тез, нақты орындауы, қолдарымен үйлесімді қимылдауы, әр қозғалысына зор ықылас сала жұмыс істеуі қажет болады. Осы жоғарыда көрсетілген талаптар бойынша әрбір кәсіптік мамандық иелеріне әр түрлі жаттығулар таңдалып, осы мамандықтарға қажет дене қасиеттері мен қимыл ептіліктері, шеберліктері дамытылуы, дағды жағдайына дейін жетілдірілуі керек болады. Кейбір жұмысшылар, мамандар арасында кәсіптік-қолданбалы дайындықты жалпы дене тәрбиесі арқылы орындауға болады деген пікір қалыптасқан. Ол дұрыс пікір емес. Дене тәрбиесі оның кәсібіне байланысты қолданылуы керек, аяқ киім тігуші – бір түрлі жаттығулар, ұстаға – екінші түрлі жаттығулар, техник маманына – үшінші, нан пісірушіге төртінші түрлі жаттығулар керек [3].

Кәсіптік-қолданбалы дайындық екі түрде орындалады. Бірінші – жұмыс үрдісі кезінде, екінші – жастарды кәсіби мамандықтарға оқыту кездерінде. Жастарды кәсіби мамандықтарға оқытудың түрі, қазіргі кезде мемлекетімізде кәсіптік-техникалық училищелерде, техникалық колледждерде, ЖОО-да кең қолданылады. Қазіргі 12 жылдық оқыту түрі енгізілетін кезден бастап жалпы білім беретін мектептердің соңғы екі жылында, 11-12-ші сыныптарында осы кәсіптік-қолданбалы дене тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді. Оқушыларды шығармашылық жұмыстарға, ізденістерге, өзін-өзі дайындауға үйреткен кезде, соған сай денсаулығын, дене қасиеттерін, қозғалыс шеберлігін дамытпасақ, жетілдірмесек болмайды. 12 жылдық оқу үрдісінің кейінгі екі жылына бағытталған кәсіптік дайындық кезеңінде, сол кәсіпке қажет қозғалыс шеберлігін, дағдысын қалыптастыратын қолданбалы дене тәрбиесіне үлкен мән берген дұрыс.

Қолданбалы дене тәрбиесінің әскери қолданбалы дайындығы да осындай ретте орындалады. Әр түрлі әскер бөлімдеріндегі әскери қызмет кезінде және әскери кәсіпке

жастарды дайындайтын әскери училищелер, жоғарғы әскери академияларда да осы әскери қолданбалы дене тәрбиесі дайындығына өте үлкен көңіл бөледі.

Әдебиеттер:

1. Төлепбаева Г. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. // Сынып жетекшісі, 2018 ж., №4 -24-25бб.
2. Баққожаев А. Мектеп оқушыларының дене тәрбиесінің ерекшеліктері. // Бастауыш мектеп, 2019 ж., №12 -58-60бб.
3. Сейсенбеков Е. Дене тәрбиесіне жаңа формаларды енгізу. // Қазақстан мектебі, 2016 ж., №9 -40-41б

Buketov University